

«Тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылығын жаңғыру мен  
дамытудың қазақстандық орталығы»  
акционерлік қоғамының  
Директорлар көнесінің 2023 жылғы  
«30» мамыр  
шештімімен (№ 7 хаттама)



**«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыру мен дамытудың  
қазақстандық орталығы» АҚ-ның  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТАРЫ**

Астана қ.

## 1. Жалпы ережелер

1. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары (бұдан әрі - Стандарттар) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және осы мәселе бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және ұсынымдық сипатта болады, «ТКШ ҚазОрталығы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеулер мен рұқсаттар жүйесін айқындайды.

2. Стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға, құқықтық сауаттылықты және Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйесін айқындау болып табылады.

3. Стандарттардың міндеттері: Қоғамның лауазымды тұлғаларының, қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру, корпоративтік құндылықтарды, жұмыс стилін және Қоғам қызметкерлерінің мінез-құлыш нормаларын дамыту, Қоғам қызметіндегі жариялыштықты, ашықтықты арттыру жолымен сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу.

4. Стандарттарды қолдану аясы: Қоғам қызметі.

## 2. Терминдер мен анықтамалар

5. Стандарттарда келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік-құқықтық актілер;

2) **лауазымды адам** - Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғамның Басқарма төрағасы;

3) **мұдделер қақтығысы-қызметкерлердің/лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндана жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;**

4) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) **сыбайлас жемқорлық** - Қоғамның лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға муліктік (муліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы,

сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алуы;

7) **меритократия**-басқару принципі, оған сәйкес Қоғам қызметкерлерін, оның ішінде басшы лауазымдарға іріктеу кезінде жеке еңбегі мен жетістіктері, қабілеттері мен кәсіптік даярлығы бар кадрларды ілгерілету ескеріледі;

8) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - Қоғамның өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

9) **қызметкерлер** - Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрган жеке тұлғалар.

### **3. Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Қоғам қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті мінезд-құлық (іс-қимыл) стандарттары**

6. Қоғам қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мынадай стандарттарды басшылыққа алуы тиіс:

1) Жүктелген кәсіби функцияларды адал және тиісті түрде және тек мемлекеттің, Қоғамның мүддесі үшін орындау, ол үшін өзінің барлық білімі мен тәжірибесін қолдану;

2) Заңда тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылыштар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда жеке белсенділік таныту;

4) Өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелей не әуресарсанға салу туралы, сондай-ақ орындау үшін алынған тапсырманың заңдылығына күмәндану туралы тікелей басшыны хабардар ету;

5) Лауазымы жақын туыстық қатынастардағы адамдардың (ата-аналары, жұбайлары, аға-інілері, апа-сіңлілері, балалары) тікелей бағыныстырылғымен немесе бақылауында болуымен байланысты болса, оған тағайындалудан бас тарту;

6) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

### **4. Басқарушылық шешімдер қабылдау саласындағы стандарттар құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен лауазымды тұлғалар үшін міндетті**

7. Лауазымды тұлғалар, құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде мынадай стандарттарды басшылыққа алуға тиіс:

1) Қарамағындағыларға басшылықты жеке-дара өкімдік қызмет жолымен жүзеге асыру және қабылданатын шешімдердің заңдылығы үшін дербес жауапты болу;

- 2) Бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін біркелкі бөлу;
- 3) Бағыныштылар қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
- 4) Өзінің лауазымдық өкілеттіктерін орындау, басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде ықтимал сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін айқындау; қарамағындағыларды сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- 5) Өз қарамағындағы қызметкерлердің іскерлік және моральдық қасиеттерін білу, бағыныстылардың сыйайлас жемқорлық көріністерін жасауға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерін (әрекетсіздіктерін) уақытылы анықтау және жолын кесу;
- 6) нақты орындалмайтын немесе олардың қызметтік міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін нұсқаулар (тапсырмалар) бермеу;
- 7) жеке мәселелерді шешу кезінде бағыныстылардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің лауазымдық жағдайын пайдаланбау.

## **5. Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын әзірлеу, келісу және бекіту саласындағы стандарттар**

8. Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын келісу, бекіту кезінде Қоғамның лауазымды тұлғалары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ қызметкерлері мынадай стандарттарды басшылыққа алуға тиіс:

- 1) Қоғамның ішкі құжаттарын (ережелерді, нұсқаулықтарды, бұйрықтарды және т. б.) әзірлеу, келісу және қабылдау кезінде Қоғам Жарғысының және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын мүлтіксіз сақтау, сондай-ақ өзіне, өз мұқтажына және үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын, актілерін әзірлеуге және қабылдауға жол бермеу;
- 2) Қоғамның қабылданатын ішкі нормативтік құжаттарына құқықтық сараптама жүргізу кезінде, қызметкерлердің сыйайлас жемқорлық және өзге де құқыққа қайшы сипаттағы құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауы үшін алғышарттар жасай алатын лауазымды адамдардың сыйайлас жемқорлық факторлары мен дискрециялық өкілеттіктерінің болуына ерекше назар аудару қажет.

## **6. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды ұйымдастыру саласындағы стандарттар**

9. Қоғамның лауазымды тұлғалары, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сондай-ақ қызметкерлері тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты сатып алуды ұйымдастыру кезінде мынадай стандарттарды басшылыққа алуға тиіс:

- 1) Сатып алуды дайындау және өткізу кезінде сыйайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- 2) Сатып алуды жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысына жол бермеу. Тендерлік комиссия құрамының біреуінде мүдделер қақтығысы болған жағдайда, бұл тұлға бұл туралы тендерлік комиссия хатшысына хабарлайды, бұл туралы ашық тендер қорытындылары туралы хаттамаға жазба жасалады және тендерлік комиссия

құрамына өзгеріс енгізіледі. Бұл ретте осы тұлға тендерлік комиссияның шешім қабылдауына қатыспайды.

## **7. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын үйімдастыру саласындағы стандарттар**

10. Қызметкерлерді іріктеу және орналастыру бойынша кадр жұмысын үйімдастыру кезінде лауазымды тұлғалар мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары мынадай стандарттарды басшылыққа алуға тиіс:

1) Меритократия принциптерін қатаң сақтау;

2) Жұмысқа қабылдау кезінде Қоғам қызметкерлеріне қойылатын негізгі міндеттерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру;

3) Кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтау;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға беруге жол бермеу;

5) Қызметкерлерге қатысты қызметтік тексерулерді объективті және жанжақты жүргізу;

6) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендейдік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеу;

7) Лауазымдық өкілеттіктерін және соған негізделген беделін жеке басының, топтық және өзге де қызметтік емес мудделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу.

## **8. Мұдделер қақтығысы саласындағы стандарттар**

11. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен Қоғам қызметкерлері мұдделер қақтығысы саласындағы заңнаманың талаптарын қатаң сақтауға тиіс. Егер мұдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

12. Тұындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның тұындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сэтте Қоғамның қызметкерлері өздерінің тікелей басшысына не өзі жұмыс істейтін Қоғамның басшылығына бұл туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

13. Тікелей басшы не Қоғамның басшылығы өзінің қарамағындағы қызметкерден мұдделер қақтығысының болуы, сонымен қатар басқа да көздерден болуы туралы хабарлама алған кезде мұдделер қақтығысын жою жөнінде уақытылы шаралар қабылдауға, бірінші кезекте осы қызметкерді мұдделер қақтығысы бар тапсырманы (жұмысты) орындаудан шеттетуге және оның орындалуын басқа қызметкерге тапсыруға міндетті.

## **9. Қоғаммен, азаматтық қоғам институттарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттесу саласындағы стандарттар**

14. Қоғамның ашықтығы, жариялышының және оң имиджін қалыптастыру мақсатында Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қоғаммен, азаматтық қоғам институттарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен конструктивті өзара әрекеттестікті дамытуға, сондай-ақ корпоративтік веб-сайтты, әлеуметтік желілерді, интернет-ресурстарды пайдалануға тиіс.

15. Қоғаммен, азаматтық қоғам институттарымен, БАҚ-пен өзара әрекеттесу кезінде қызметтік және коммерциялық құпияны жария етпеу талаптарын, конфиденциалды сипаттағы мәліметтерді сақтау.

16. Қоғамның әр қызметкері Қоғамның қызметкері ретінде айтқан кез-келген пікірі немесе жалпы ақпараты Қоғамның өзімен, оның имиджімен тікелей байланысты екенін және оның іскерлік қоғамдастықтағы беделіне әсер ететіндігін түсініп, әрдайым жадында ұстауы керек.

## **10. Бөгде ұйымдармен және тұлғалармен қарым-қатынас саласындағы стандарттар**

17. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен Қоғам қызметкерлеріне сыйлықтар беруге және қабылдауға, мұліктік пайда, игілік не артықшылық алу үшін қызметтік емес қызметтер көрсетуге тыйым салынады.

18. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен Қоғам қызметкерлеріне жеке және занды тұлғалардың есебінен республикашлік, шетелдік туристік, емдеу-сауықтыру және өзге де сапарларға шақырудан бас тарту қажет, мыналарды қоспағанда:

- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен шет мемлекеттердің мемлекеттік органдары арасындағы өзара уағдаластықта тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) халықаралық ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын;

- жоғары тұрган лауазымды тұлғаның не органның келісімімен ұйымдардың қаражаты есебінен ғылыми, спорттық, шығармашылық, кәсіптік, гуманитарлық іс-шараларға қатысу үшін, сондай-ақ осындай ұйымдардың жарғылық қызметі шенберінде жүзеге асырылатын сапарлар үшін жүзеге асырылатын.

## **11. Стандарттарды сақтамауға байланысты болатын салдарлар**

19. Осы Стандарттардың талаптарын бұзған Қоғамның лауазымды тұлғасы және Қоғамның қызметкери белгіленген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа тартылады.

20. Қоғамның Басқарма тәрағасы, Басқарушы директоры, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, қызметкерлері Стандарттарды бұзудың барлық жағдайларын Қоғамның басшылығына, Қоғамның Директорлар кеңесіне жеткізуі тиіс.

21. Қоғамның әрбір лауазымды тұлғасы мен қызметкери Стандарттарды сақтауға дербес жауапты болады.